

Біз бақытты балалармыз

Даулетова Айшат Сапаровна
 "Гулливер" бөбекжай-бақшасы" МКҚК
 қазақ тілі мұғалімі

Мақсаты: Балаларға ойыншықтарды атауды үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; сөздік қорларын байыту; тілдерін жаттықтыру.

Әдістері: Сұрақ-жауап, ойын, ынталандыру
 Сөздік жұмысы: Менің атым..., доп, аю, қоян, әтеш, қуыршақ, ұшақ, жапырақ, қызыл, сары, жасыл

Қызмет кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық-танымдық	Сәлеметсіңдер ме балалар! Бүгін мен сендерді орманға шақырамын. Ол үшін сендер сиқырлы қақпадан өтулерің керек және өз аттарыңды атайсыңдар. «Сиқырлы қақпа» Мысалы: менің атым Маша.	Амандасады (кезекпен шеңберден аттап өтеді, аттарын атайды)
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Міне біз орманға келдік. (құстардың дыбысы шығып тұрады). Балалар, орманда не бар? Дұрыс, жануарлар. Тақтаға суреттерді орналастырамын. «Сөзсіз сөйле» дид. ойынын жүргіземін. Мен атаймын, балалар қимылмен көрсетеді. Балалар, жануарлар не жейді? «Жануарларды ды тамақтандыр» д.о. Балалар, бүгін тиіннің туған күні екен. Құттықтайықшы! Не сыйласақ екен? Дұрыс айтасыңдар. Қандай ойыншықтар бар екен, көрейік. Суреттерді тақтаға ілемін. «Алтын сандық» дид. ойынын ойнатамын. «Ғажайып іздер» дид. ойынын ойнатамын. Балалар, сендер кірпі мен аю қыста ұйқыға кететінін білдіңдер ме? Ал, қазір жылдың қай мезгілі? Күзде ауа райы қандай болады? Балалар, күзгі орманда түскен жапырақтарды жинастырайықшы. «Жапырақ алу» қимыл ойыны Қандай тамаша, көңілді туған күн болды. Тиін өз туған күнінде сендерді көргеніне өте қуанышты және ол сендерге ойыншық сыйлаймын дейді. Дүкеннен қалаған ойыншықтан алыңдар дейді. «Ойыншықтар дүкені» дид. ойынын Ойыншықтардың суреттері бар фишкаларды таратамын.	жануарлар қоян, аю, қасқыр, түлкі, тиін, кірпі, қабан қимылмен көрсетеді тақтадағы суреттермен жұмыс жасайды. Құттықтайды Ойыншық. доп, аю, қоян, әтеш, қуыршақ, ұшақ сөздерді қайталайды. Сандықтан шыққан ойыншықтарды атайды Түрлі-түсті іздермен жүріп отыра олардың бойындағы ойыншықтарды атайды. Иә. Қазір күз мезгілі. Күзде салқын болады. Жел соғады. Жаңбыр жауады. Құстар ұшып кетеді. Балалар 3 топқа бөлінеді. Бірінші топ -қызыл, екінші топ - жасыл, үшінші топ - сары жапырақтарды жылдамдыққа жинайды. Маған ...керек. (доп, аю, қоян, әтеш, қуыршақ, ұшақ
Рефлексік-үйлесімділік	Қоштасамын. Орнымыздан тұрайық Сау-саламат болайық!	Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:
 Ұғынады: өз атын, ойыншықтарды, жануарларды, түстерді атай алады;
 Түсінеді: ойыншықтар, жануарлар, түстер жайлы

түсініктері бар;
 Қолданады: қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айта білу, жаңа сөздермен кішкене сөйлемдер құра біледі.